
*Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі Қарасу ауылы Ахмет Жұбанов көшесі 5, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Құрманов бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.*

Сайлау учаскесінің шекаралары: Қарасу ауылы: Ахмет Жұбанов, Бауыржан Момышұлы көшелері.

**№ 399 сайлау учаскесі**

*Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Көптоғай ауылдық округі Амангелді ауылы Астана көшесі 16, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Амангелді ауылдық клубының ғимараты.*

Сайлау учаскесінің шекаралары: Амангелді ауылы: Жаңақадам, Алғабас, Ынтымақ, Бейбітшілік, Астана көшелері.

**№ 400 сайлау учаскесі**

*Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Көптоғай ауылдық округі Қарасу ауылы Алашорда көшесі 7, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Қарасу ауылдық клубының ғимараты.*

Сайлау учаскесінің шекаралары: Қарасу ауылы: Тамдыкөл, Мақпалкөл, Алашорда, Ойыл көшелері.

**№ 401 сайлау учаскесі**

*Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Көптоғай ауылдық округі Көптоғай ауылы Қазақстан көшесі 18, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Көптоғай ауылдық клубының ғимараты.*

Сайлау учаскесінің шекаралары: Көптоғай ауылы: Ардагер, Достық, Құрман, Жеңіс, Мектеп, Наурыз, Сапы, Тәуелсіздік, Әл-Фараби, Жамбыл, Мәңгілік Ел көшелері.

**№ 569 сайлау учаскесі**

*Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Көптоғай ауылдық округі Көптоғай ауылы Мектеп көшесі 4, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Құрман орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.*

Сайлау учаскесінің шекаралары: Көптоғай ауылы: Қазақстан, Абай көшелері.

**№ 402 сайлау учаскесі**

*Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Көптоғай ауылдық округі Шұбарши ауылы Желтоқсан көшесі 19, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Шұбарши ауылдық клубының ғимараты.*

Сайлау учаскесінің шекаралары: Шұбарши ауылы: Ақсай, Желтоқсан, Ишанбай Қарақұлов, Шығанақ Берсиев көшелері.

**№ 404 сайлау учаскесі**

*Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Сарбие ауылдық округі Сарбие ауылы Жастар көшесі 13, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Сапақкөл ауылдық клубының ғимараты.*

Сайлау учаскесінің шекаралары: Сарбие ауылы: Бейбітшілік, Жекенді, Астана, Ақтөбе, Құрманғазы, Махамбет, Жастар, Әйтеке би, Ә.Молдағұлова, Желтоқсан, Жеңіс, Исатай көшелері.

**№ 405 сайлау учаскесі**

*Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Сарбие ауылдық округі Қаракөл ауылы Абай көшесі 10, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қаракөл бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.*

Сайлау учаскесінің шекаралары: Қаракөл ауылы: Абай көшесі.

**№ 406 сайлау учаскесі**

*Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Қараой ауылдық округі Қараой ауылы Еңбеккерлер көшесі 2, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Қараой ауылдық клубы.*

Сайлау учаскесінің шекаралары: Қараой ауылы: Тәуелсіздік, Жетікөл, Еңбеккерлер, Қазақстан-2030, Ынтымақ, Алашорда, Бауыржан Момышұлы, Өркениет, Жасқайрат, Желтоқсан көшелері.

**№ 407 сайлау учаскесі**

*Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Қараой ауылдық округі Құбасай ауылы Қызылқорған көшесі 7, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі»»мемлекеттік мекемесінің «Құбасай бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.*

Сайлау учаскесінің шекаралары: Құбасай ауылы: Қызылқорған, Бейбітшілік көшелері.

**№ 408 сайлау у учаскесі**

*Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Саралжын ауылдық округі Кемер ауылы Көктал көшесі 2, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі»»мемлекеттік мекемесінің «Ә.Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.*

Сайлау учаскесінің шекаралары: Саралжын ауылы: Ә.Дербісәлин, Алаш, Ботагөз-2, Ақтөбе, Қазақстан, И.Құрманов, Көктал, Қ.Шоланов, Таубатыр, Бейбітшілік, С.Керімбаева көшелері; Коңырат ауылы: Қоңырат, Ойыл көшелері.

**№ 409 сайлау учаскесі**

*Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Саралжын ауылдық округі Шиқұдық ауылы Қайрат Рысқұлбеков көшесі 18, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Шиқұдық ауылдық клубының ғимараты.*

Сайлау учаскесінің шекаралары: Шиқұдық ауылы: Теректі, Қайрат Рысқұлбеков көшелері.

**№ 410 сайлау учаскесі**

*Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Саралжын ауылдық округі Бестамақ ауылы Тайсойған көшесі 6, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Тайсойған ауылдық клубының ғимараты.*

Сайлау учаскесінің шекаралары: Бестамақ ауылы: Аяпберген, Тайсойған, Жасталап көшелері.

**№ 411 сайлау учаскесі**

*Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Саралжын ауылдық округі Ақкемер ауылы Жеткіншек көшесі 9, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Ақкемер ауылдық клубының ғимараты.*

Сайлау учаскесінің шекаралары: Ақкемер ауылы: Жеткіншек, Бекет ата, Қиыл көшелері.

**№ 412 сайлау учаскесі**

*Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Қайыңды ауылдық округі Ақжар ауылы Мектеп көшесі 4, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Ақжар ауылдық клубының ғимараты.*

Сайлау учаскесінің шекаралары: Ақжар ауылы: А.Иманов, Ш.Берсиев, Кеңес, Қайыңды, Мектеп, Жастар көшелері.

**№ 413 сайлау учаскесі**

*Сайлау учаскесінің орналасқан жері: Қайыңды ауылдық округі Көсембай ауылы Орталық көшесі 10, «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ойыл аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының Көсембай ауылдық клубының ғимараты.*

Сайлау учаскесінің шекаралары: Көсембай ауылы: Ынтымақ, Орталық, Бұлақ көшелері.

**Ойыл ауданының әкімі: А.Қ.Қазыбаев**

## ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ АУМАҒЫНДА КАНДИДАТТАРҒА САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУІ ҮШІН ШАРТТЫҚ НЕГІЗДЕ БЕЛГІЛЕНГЕН ҮЙ-ЖАЙЛАР

| № | Ауылдық округтің атауы | Кездесу үшін белгіленген орындар |
|---|---|---|
| 1 | Ойыл | Ойыл ауылы, «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы, Шернияз көшесі №36 |
| 2 | | Ақшатау ауылы, Ақшатау ауылдық клубы, Жастар көшесі № 13 |
| 3 | | Қаракемер ауылы, Қаракемер мектеп-балабақшасы, Ынтымақтастық көшесі №1 |
| 4 | Ш.Берсиев | Қаратал ауылы, Қаратал спорт залы, Ж.Жүсібалиев көшесі №9 |
| 5 | | Құмжарған ауылы, Соркөл орта мектебі, Қонаев көшесі №2 |
| 6 | | Қарасу ауылы, Құрманов бастауыш мектебі, А.Жұбанов көшесі № 5 |
| 7 | Көптоғай | Көптоғай ауылы, Көптоғай ауылдық клубы, Қазақстан көшесі № 18 |
| 8 | | Амангелді ауылы, Амангелді орта мектебі, Бейбітшілік көшесі №25 |
| 9 | | Қарасу ауылы, Қарасу негізгі мектебі, Алашорда көшесі №2 |
| 10 | | Шұбарши ауылы, Жақсыбайкөл негізгі мектебі, Ақсай көшесі №19 |
| 11 | Қараой | Қараой ауылы, Қараой мектеп бала бақшасы, Жасқайрат көшесі №26 |
| 12 | | Құбасай ауылы, Құбасай бастауыш мектебі, Қызылқорған көшесі №7 |
| 13 | Сарбие | Сарбие ауылы, Сапақкөл орта мектебі, Әйтеке би көшесі №18 |
| 14 | | Қаракөл ауылы, Қаракөл бастауыш мектебі, Абай көшесі № 10 |
| 15 | Саралжын | Саралжын ауылы, Ә.Дербісалин атындағы Саралжын орта мектебі, Көктал көшесі № 2 |
| 16 | | Аққемер ауылы, Жамбыл мектеп бала бақшасы, Жеткіншек көшесі №7 |
| 17 | | Бестамақ ауылы, Тайсойған негізгі мектебі, Аяпберген көшесі №1 |
| 18 | | Шиқұдық ауылы, Теректі негізгі мектебі, Мектеп көшесі №16 |
| 19 | | Қоңырат ауылы, Фельдшерлік амбулаторлық пункті, Ойыл көшесі №1 |
| 20 | Қайынды | Ақжар ауылы, Саға мектеп бала бақшасы, Мектеп көшесі №8 |
| 21 | | Көсембай ауылы, Көсембай негізгі мектебі, Орталық көшесі №6 |

# Қауіпсіздік бәрінен маңызды!

**«QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ АУА-РАЙЫНЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ ЖӘНЕ ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНЫҢ БАСТАЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҰЛЫ ГАЗБЕН ҰЛАНУ ҚАУПІ АРТҚАНЫН ЕСКЕРТЕДІ.**



Өкінішке орай, статистика бойынша жыл сайын табиғи газды тұтынушылары бұл ескертулерге немқұрайлы қарайтынын көрсетеді.

Газ қызметкерлері үшін анықталған нәрсе – орын алған қайғылы жағдайлар, негізінен газ тұтыну жабдықтарын пайдалану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтамағандықтан болады. Оған себеп - зардап шеккендердің жылыту құралдарын пайдалануға немқұрайлы қарауы, оларды өз бетінше қосуы, құрастыруы немесе орнын ауыстыруы, қолдан жасалған газ жабдықтарын пайдалануы, тамақ дайындауға арналған газ жабдығымен үй-жайларды жылытуы, техникалық қызмет көрсетуді орындамауы, мұржаның түтін тартуын тексермеуі.

Ауа желдетілуі жеткілікті қамтамасыз етілмеген үй-жайда, терезелер, желдету арналары жабық кезде, кірпіш, сылақ тығыздығы бұзылған кезде газ аспаптарын пайдалану нәтижесінде газ түтіні сыртқа шықпай, үй-жайда улы газ жиналады. Улы газдың өте аз мөлшерінің өзі қанмен тез араласады, адам тез уланады. Бөлмеде 0,5% улы газ жиналса болды, осы мөлшердің өзі 20 минуттан кейін адамның жүрегі тоқтайтындай уландырады!

Сондықтан мұржа мен желдету арналарының дұрыс жұмыс істеуі - Сіздің қауіпсіздігіңіз бен денсаулығыңыздың кепілі, өйткені улы газбен уланудың ең көп оқиғасы мұржаның тұтастығы бұзылғандықтан немесе түтіннің тартпауынан туындайды.

**Есіңізде болсын!** Жұмыс істеп тұрған газ аспаптарын қауіпсіз пайдалануға және желдету арналары мен түтін мұржаларының жарамды жай-күйіне үй иелері жауапты!

Бірақ, өкінішке орай, үй иелері мұржаларды үнемі тазалап, тексеруіп тұруға салғырт қарайды.

Мұржаның тұтастығын, оның бітелмеуін және түтіннің тартылуын үнемі тексеріп отыру қажет. Қыс мезгілінде далада тұрған мұржаға мұз қатуы мүмкін, сондықтан оның мұзбен бітелмеуін үнемі тексеріп, мұржа қақпағын ашып, мұздан тазарту керек.

Газ тұтыну жабдығын пайдалану кезінде улы газ тарағанда газ беруді өшіру автоматикасы бар дабылқаққыш сигнализаторларды орнатқаныңыз жөн.

**Есіңізде болсын!** Газ - оны дұрыс пайдаланбаған кезде ғана қауіпті! Қарапайым ережелерді сақтау Сіздің және сіздің отбасыңыздың амандығының кепілі!

**«QazaqGaz Aimaq» АҚ-ы Ойыл аудандық газ шаруашылығы**

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1287 дана. Тапсырыс 1682
Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.**

## ЕЛ ҚАЗЫНАСЫНА ҮЛЕС ҚОСҚАН 35 ЖЫЛ




Өткен аптада Қазақстан Республикасының салық қызметіне 35 жыл толуына орай «Салық қызметі органдарының ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігінің Ақтөбе облысы бойынша филиалының директоры Саламат Аманбаев ауданға арнайы келіп, аудандық мемлекеттік кірістер басқармасының ұжымы және осы саланың ардагерлерімен кездесті.

Кездесуге қатысқан аудан әкімі Сәкен Займолдин қазіргі мемлекеттік кірістер саласының ауданның дамуына қосқан үлесі мен маңызына тоқталып, Саламат Ермұханұлына аудан халқының атынан арнайы естелік сыйлық ұсынса, «Салық қызметі органдарының ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігінің Ақтөбе облысы бойынша филиалының директоры мерейтойға орай салық саласы қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтап, Қазақстан Республикасының салық жүйесінің қалыптасуы мен дамуына сүбелі үлес қосқан бірқатар азаматқа марапаттар табыстады.

Сонымен қатар, ел игілігі жолындағы нәтижелі еңбегі мен өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесі үшін аудан әкімі Сәкен Ғазизұлын да арнайы марапаттады.

Мерекелік жиын барысында салық қызметі саласында ұзақ жылдар бойы еңбек еткен мамандар Едіге Жалғасбаев, Дәмелі Нұртанова, Ұлдай Шойманова мен Жасұлан Ержановтар органның құрылған кезінде кездескен қиындықтар мен саланың тарихынан сыр шертіп, бүгінгі әріптестерін кәсіби мерекелерімен құттықтады.

## ҰСТАЗ ЕСІМІ – ҰРПАҚ ЖАДЫНДА

**ҚҰРМАН ОРТА МЕКТЕБІНДЕ БІЛІКТІ ҰСТАЗ, ПЕДАГОГ-ЗЕРТТЕУШІ АҚТОТЫ ҚЫСТАУБАЕВАНЫҢ ЖАРҚЫН БЕЙНЕСІН ҰЛЫҚТАУ, ӨНЕГЕЛІ ӨМІРІ МЕН ҰСТАЗДЫҚ ЖОЛЫН КЕЙІНГІ ҰРПАҚҚА ҮЛГІ ЕТУ МАҚСАТЫНДА АУДАН КӨЛЕМІНДЕ ТАҒЫЛЫМДЫ ІС-ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. ІС-ШАРАНЫҢ АЛҒАШҚЫ БӨЛІМІНДЕ 7-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА «ТАРИХ БІЛГІРІ» АТТЫ АУДАНДЫҚ КІШІ ОЛИМПИАДА ӨТТІ.**




Білім додасының басты мақсаты – оқушылардың тарих пәніне деген қызығушылығын арттыру, білімдерін саралау және зияткерлік қабілеттерін дамыту. Шараның екінші бөлімі «Жүректе қалған жарқын бейне» атты еске алу кешіне ұласты.

Кеш барысында марқұм ұстаздың туған-туыстары, бауырлары, сыныптастары, отбасы мүшелері, балалары мен бірге қызмет атқарған әріптестері сөз алып, Ақтоты Тұрғанбайқызының адамгершілік қасиеттері, ұстаздық болмысы, кәсіби шеберлігі мен өмір жолынан сыр шертетін естеліктерімен бөлісті.

Әрбір естелікке толы әңгіме асыл ұстаздың артында қалдырған өшпес ізін, шәкірт жүрегіндегі ерекше орнын айқындай түсті. Кештің маңызды сәттерінің бірі – Ақтоты Тұрғанбайқызының апасы Назгүл Қыстаубаеваның «Жарқ еткен жасын ғұмыр» атты кітабының тұсаукесері болды. Тағылымды туынды оқырманға жол тартып, ұстаздың өнегелі өмірін, жарқын бейнесін кейінгі ұрпаққа жеткізетін рухани мұраға айналды. Салтанатты шара соңында демеушілердің қолдауымен олимпиада жеңімпаздары марапатталып, жүлдегерлерге мектеп ұжымы атынан естелік сыйлықтар табысталды. Ұстаздың ғұмыры қысқа болғанымен, оның шәкірттеріне сіңірген еңбегі, адамдық болмысы мен кәсіби өнегесі – мәңгілік.

Ақтоты Тұрғанбайқызының жарқын бейнесі әріптестерінің жүрегінде, шәкірттерінің жадында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасары сөзсіз. Ұстаз есімі – ұрпақ жадында, өнегелі жолы – мәңгілік!

## ҚАЗАҚТЫҢ ҚАСЫМЫ

Сот саласы қызметкерлерімен өз еліміздің батыр, ақын және елі үшін көптеген істер атқарған ата бабаларымызды келер ұрпаққа дәріптеу мақсатында игі шаралар атқарылып келеді.

Атап айтқанда даңқты ата бабаларымызды дәріптеу мақсатында атқарылуға тиіс арнайы жоспар құрылып, бір қатар шаралар атқарылып әрі қарай аталған тақырыптар өз жалғасын табуда. Соның ішінде қазақ поэзиясында өзінің орнын алған Қасым Аманжоловты келер ұрпаққа дәріптеу болып отыр.

Атап айтқанда, 2026 жылы қазақтың көрнекті ақыны Қасым Аманжоловтың туғанына 115 жыл толды. Яғни, ақынның бай әдеби мұрасын дәріптеп, оның шығармашылығын жас ұрпаққа кеңінен танытуға мүмкіндік беретін маңызды белес Қасым Аманжолов, қазақ әдебиетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан біртуар тұлға. Ақынның шығармашылық мұрасы – елдік пен ерлікті, Отанға деген сүйіспеншілік пен адамдық асыл қасиеттерді дәріптейтін рухани қазына. Қасым Аманжолов 1911 жылы 10 қазанда Қарағанды облысының Қарқаралы өңірінде дүниеге келіп, өзінің ерекше дарыны мен қайталанбас ақындық үні арқылы қазақ поэзиясында жаңа белес қалыптастыра білді. Яғни, ақынның «Өзім туралы», «Дариға, сол қыз», «Туған жер» секілді шығармалары қазақ әдебиетінің алтын қорынан берік орын алды.

Сонымен қатар ақынның шығармашылығында Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлік тақырыбы ерекше орын алып, майдан кезін жүрегімен сезінген ақын жауынгерлердің қайсарлығын, туған жерге деген сағынышын және бейбіт өмірге деген үмітін жырлады.

Қасым Аманжоловтың өмір жолы мен шығармашылығы елге деген сүйіспеншіліктің, өнерге адалдықтың және қайсар мінездің үлгісі болып қала береді. Ол 1955 жылы дүниеден өтсе де, артында өшпес әдеби мұра қалдырды. Оның өлеңдері бүгінгі күні де оқырман жүрегіне жол тауып, жас ұрпақтың рухани дүниесін байытып келеді.

Қасым Аманжолов – қазақ әдебиетінде өзіндік қолтаңбасын қалдырған, өлеңімен ел жүрегіне жол тапқан ұлы ақын. Оның жырлары уақыт өткен сайын жаңғырып, жаңа ұрпақтың рухани серігіне айнала береді. Ақынның жарқын бейнесі мен бай әдеби мұрасы халқымыздың жадында мәңгі сақталып, қазақ поэзиясының биік белестерінің бірі болып қала бермек.

**Е. АЛТЫБАЕВ,**
**Ойыл аудандық соты әкімшісінің бас маманы, сот отырысының хатшысы.**

*ЕҢБЕК АДАМЫ*

## ЕҢБЕККЕ АДАЛДЫҚ - АЗАМАТТЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ

**ЕҢБЕК АДАМДЫ ШЫҢДАЙДЫ, ӨМІРГЕ ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ. ҚАЙ САЛАДА БОЛМАСЫН, ӨЗ МІНДЕТІНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАРАП, АДАЛ ҚЫЗМЕТ ЕТУДІ ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМЫНА АЙНАЛДЫРҒАН ЖАНДАР БАР. ОЛАР ҮШІН ЖҰМЫСТЫҢ ҮЛКЕН-КІШІСІ ЖОҚ. ЕҢ БАСТЫСЫ – ӨЗ ІСІҢДІ БІЛУ, ТАПСЫРЫЛҒАН МІНДЕТТІ АБЫРОЙМЕН АТҚАРУ. ОСЫНДАЙ ЕҢБЕК ЖОЛЫН ЕРТЕ БАСТАП, ӘР САЛАДА МАҢДАЙ ТЕРІН ТӨККЕН АЗАМАТТЫҢ БІРІ – ЫҚЫЛАС ҚАРАБАЛИН.**

Ықылас Қарабалин 1971 жылы дүниеге келген. 1988 жылы Берсиев атындағы орта мектепті тәмамдаған жас жігіт сол жылдың жазында-ақ еңбекке араласады. Берсиев кеңшарында суармалы жоңышқа алқабында марқұм Аман Жұмағұловтың қарамағында жұмыс істейді. Ол кезде небәрі 17 жаста еді. Жастайынан еңбекке араласқан азаматтың өмір жолы осылай басталды.

1988–1990 жылдары әскери борышын өтеп, елге оралған соң ауылдағы орталық ауызсу мекемесіне сантехник болып жұмысқа орналасады. Кейін Берсиев кеңшарының мал бордақылау пунктінде жұмысшы болып еңбек етеді. Кеңшар тарағаннан кейін де қол қусырып отырмай, 1996 жылы өзі білім алған Берсиев атындағы орта мектепке от жағушы болып орналасады. Ал 1998 жылдан бастап осы мектепте сантехник қызметін атқарады.

Мектеп қабырғасында өткен жылдар оның еңбек жолындағы маңызды кезеңдердің бірі болды. Жиырма екі жыл бойы жылу жүйесіне жауапты болып, қыстың қақаған аязында оқушылар мен ұстаздардың қалыпты жағдайда білім алып, жұмыс істеуіне қажетті жағдай жасауға атсалысты. Жылу жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуі үлкен жауапкершілікті талап етеді. Бұл жұмыста ұқыптылық пен тәжірибе ғана емес, әр іске мұқият қарау да маңызды.

– *Өз ісінің маманы болу үшін адамда ең алдымен жауапкершілік болуы керек. Әркім өзіне жүктелген міндетті білуі тиіс. Мен мектепте сантехник болып 22 жыл жұмыс істедім. Сол уақыт ішінде жылу жүйесіне жауапты болдым. Өз міндетімді атқара білдім деп есептеймін. Қай салада да білімсіз болмайды. Әсіресе, қазіргі жұмысымда халықпен тікелей байланыста болғандықтан, әртүрлі сұрақтарға дайын болып, мәселені түсіндіре білу қажет,* – дейді Ықылас аға.

2020 жылдан бері ол «Энергосистема» ЖШС-нің Ойыл ауданы, Берсиев ауылдық округі бойынша электромонтёр-контролёрі болып қызмет етіп келеді. Бұл саладағы жұмыс та оңай емес. Электрмен байланысты қызмет қауіпсіздік пен сақтықты, кәсіби білімді және жауапкершілікті қажет етеді. Сонымен қатар тұрғындармен күнделікті байланыс орнату да жұмыстың маңызды бөлігіне айналған.

Электр жарығына қатысты мәселелер, есептегіш көрсеткіштері мен төлемдер жөніндегі сұрақтар – тұрғындарды жиі толғандыратын тақырыптар. Осындай кезде маманның өз ісін жетік білуі, жағдайды түсінікті етіп жеткізе алуы маңызды. Бір қарағанда қарапайым көрінетін бұл міндеттердің артында халыққа қызмет ету, әр адамның мәселесіне түсіністікпен қарау секілді жауапты жұмыс тұр.

Ықылас Қарабалиннің айтуынша, адам қай жерде еңбек етсе де, өз жұмысына немқұрайлы қарамауы керек. Өйткені әр маманның өз міндеті бар, ал сол міндетті адал орындау – кәсібиліктің басты белгісі. Оның еңбек жолындағы әр кезеңі осы ұстаныммен сабақтасып жатыр.

Еңбек жолымен қатар, Ықылас аға үшін отбасының орны бөлек. Ол 1992 жылы шаңырақ көтеріп, жұбайымен бірге бес бала тәрбиелеп өсірді. Үш ұл, екі қыздың әкесі. Қыздары тұрмыста, ұлдарының бірі жоғары оқу орнын тәмамдап, өзге салада еңбек етіп жүрсе, кенже ұлы студент. Отбасының берекесін сақтап, бала тәрбиесіне көңіл бөлу де үлкен еңбекті қажет етеді. Жұбайы ауылдағы наубайханада жұмыс істейді.

Жас кезінен еңбекке араласып, түрлі салада тәжірибе жинаған Ықылас Қарабалин үшін жұмыстың негізгі өлшемі – жауапкершілік пен адалдық. Бірнеше жыл емес, тұтас еңбек жолы бойында өзіне тапсырылған міндетті атқаруды басты орынға қойған азаматтың өмірі осыны аңғартады.

Еңбек адамының қадірі де осында. Ол еңбегін дабыра қылмайды, күнделікті міндетін орындауды парызы санайды. Ал осындай қарапайым да жауапты қызметтердің арқасында ауыл тіршілігі жалғасып, тұрғындардың тұрмысына қажетті жағдай жасалады.

**Гаухар АЛЕКСЕЕВА.**

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Шаруа немесе фермер қожалығын немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурсқа ұсынылатын жер учаскелерінің тізімі
«Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі

| № | Жер учаскесінің орналасқан жері,жер учаскесінің лот № | Жер учаскесі қандай мақсатқа беріледі | Жалға беру мерзімі, жыл | Жалпы ауданы, га | Алқаптардың құрамы оның ішінде | | | | Топырақтың сапалық сипаттамасы, орташа балл бонитет | Сумен қамтылуы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Егістік | Жайылымдық | Шабындық | Басқа жерлер | | |
| 1 | Лот 1, учаске №1, Саралжын ауылдық округі | Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 10 жыл | 671,6076 | - | 670,5076 | - | 1,1 | 11 | қамтылмаған |
| 2 | Лот 2, учаске №1 Саралжын ауылдық округі | Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 10 жыл | 750,0 | - | 746,79 | - | 3,21 | 11 | қамтылмаған |
| 3 | Лот 3, учаске №1 Саралжын ауылдық округі | Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 10 жыл | 750,0 | - | 749,41 | - | 0,59 | 11 | қамтылмаған |
| 4 | Лот 4, учаске №1 Қайыңды ауылдық округі | Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 10 жыл | 1000,0 | - | 999,3 | - | 0,7 | 11 | қамтылмаған |
| 5 | Лот 5, учаске №1 Сарбие ауылдық округі | Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 10 жыл | 50,0 | - | 49,65 | - | 0,35 | 11 | қамтылмаған |
| 6 | Лот 6, учаске №1 Қайыңды ауылдық округі | Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін | 10 жыл | 1000,0 | - | 999,0 | - | 1,0 | 11 | қамтылмаған |

**ЕСКЕРТПЕ!!!**
**Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:**
1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;
2) конкурстық ұсыныс;
Конкурстық ұсыныста:
1) Бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеп-өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, құрылатын жұмыс орындарының саны);
2) Шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту жөніндегі іс-шараларды орындау жөніндегі міндеттемелер;
3) Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.
Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін – қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін – бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.
**Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу конкурс өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң, 15 (он бес) жұмыс күн аралығында өтінім қабылдау және тіркеу жүргізіледі.**
Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің орналастыру схемасымен жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында, ауылдық округтердің және аудандық жер қатынастары бөлімінің ақпарат бұрыштарынан танысуға болады.
Толық ақпаратты «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ-нен, байланыс телефондары арқылы 8(71332) 2-18-80 алуға болады.

## ИНФОРМАЦИОННОЕ ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Отдел по земельным отношениям Уилского района» объявляет о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) на земельные участки сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства.

| № | Номер лота и место расположения земельного участка | Целевое назначение земельного участка | Срок аренды земем. участка | Площадь, га | Состав угодий в том числе | | | | Средний балл бонитет | Оснащен реками, озерами |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Пашня | Пастбища | Сенокос | Другие земли | | |
| 1 | Лот 1, участок №1, Саралжинский сельский округ | Для ведения товарного сельского хозяйства | 10 лет | 671,6076 | - | 670,5076 | - | 1,1 | 11 | Не оснащен |
| 2 | Лот 2, участок №1 Саралжинский сельский округ | Для ведения товарного сельского хозяйства | 10 лет | 750,0 | - | 746,79 | - | 3,21 | 11 | Не оснащен |
| 3 | Лот 3, участок №1 Саралжинский сельский округ | Для ведения товарного сельского хозяйства | 10 лет | 750,0 | - | 749,41 | - | 0,59 | 11 | Не оснащен |
| 4 | Лот 4, участок №1, Кайындинский сельский округ | Для ведения товарного сельского хозяйства | 10 лет | 1000,0 | - | 999,3 | - | 0,7 | 11 | Не оснащен |
| 5 | Лот 5, участок №1 Сарбиеский сельский округ | Для ведения товарного сельского хозяйства | 10 лет | 50,0 | - | 49,65 | - | 0,35 | 11 | Не оснащен |
| 6 | Лот 6, участок №1 Кайындинский сельский округ | Для ведения товарного сельского хозяйства | 10 лет | 1000,0 | - | 999,0 | - | 1,0 | 11 | Не оснащен |

**Примечание!!!**
**Для участия в конкурсе являющийся физическим и юридическим лицами представляет следующие документы:**
1) заявка на участие в конкурсе;
2) конкурсное предложение;
В конкурсном предложении:
1) Бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания и возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);
2) разработка и освоение внутрихозяйственного землеустроительного проекта, выполнение мероприятий по развитию инфраструктуры сельского хозяйства;
3) обязательства по выполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.
Предложения представляются в запечатанном конверте, пронумерованым, прошитыми или несмываемыми чернилами, последняя страница конкурсного предложения заверяется подписью участника – для физических лиц (или поверенного) и подписью первого руководителя (или по доверенности) и печатью (при наличии) – для юридических лиц.
**Прием и регистрация заявок на участие в конкурсе производится по истечении 30 (тридцати) календарных дней со дня опубликования извещения о проведении конкурса, в течение 15 (пятнадцати) рабочих дней.** С схемой размещения земельных участков, выставляемых на конкурс можно ознакомиться на интернет-ресурсе местного исполнительного органа, в информационных уголках сельских округов и районного отдела земельных отношений.
Более подробную информацию можно получить в ГУ «Отдел по земельным отношениям Уилского района» по телефону 8(71332) 2-18-80